

О. Мұхатова , А. Қаипбаева* 

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aina__78@mail.ru

1920-30 ЖЖ. БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ

Мақалада 1920-1930 жылдардағы білім беру тарихының деректері сипатталады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік, ҚР Президенті, Алматы қаласы, Қызылорда, Түркістан облыстық және Ресей Федерациясы мемлекеттік, Орынбор облыстық архивтерінің ағарту ісі бойынша қорлары және құжаттары туралы айтылады. Қызылорда облыстық архивіндегі 4, 5, 127, 173, 194, 377-қорларына сипаттама беріледі. Алматы қаласы мемлекеттік архивіндегі 77-қордың маңызына баға беріледі. «Одақтық орталық атқару комитетінің 13-шақырылымындағы 3-сессиясына Қазақ АССР орталық кеңес комитетінің есебіне материалдар» атты шағын жинақтың республикадағы білім берудің дамуы жөніндегі мәліметтері келтіріледі. «Народное просвещение КазССР» атты құжаттар мен материалдар жинақтарының мазмұны ашылады. Түркістан Орталық Атқару Комитетінің және Халық комиссарлар кеңесінің хаттамалары, қаулылары, уездік және қалалық партия комитеттерінің шешімдері, халыққа білім беру бөлімдерінің бұйрықтары мен нұсқаулары және т.б. құжаттары енгізілген «Культурное строительство в Казахстане» тақырыбындағы жинақтың кеңестік білім беру жүйесін қалыптастыру тарихын зерделеудегі рөліне баға беріледі. 1920 жылдардағы ағарту ісін ұйымдастыру мен басқару негіздерін айқындаудағы Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қор құжаттары бойынша дайындалған екі томдық жинақтың маңызы айқындалады. 1918-1930 жылдары шығарылып тұрған мерзімді басылымдар және олардың беттеріндегі мақалалар қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру, дерек, архив қоры, құжат, жинақ, мерзімді басылым, деректану, журнал, газет, жүйелеу.

O. Mukhatova, A. Kaypbaeva*

Institute of History and Ethnology named after C. Valikhanov, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aina__78@mail.ru

Historical sources of the education system 1920-1930

The article characterizes the sources of the history of education in the 1920-1930s. It describes the funds and documents of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the archive of the President of the Republic of Kazakhstan, the state archives of Almaty, Kyzylorda, Turkestan, Orenburg regions and the state archives of the Russian Federation. Are characterized funds 4, 5, 127, 173, 194, 377 of the Kyzylorda Regional State Archive The value of the 77th fund of the state archive of the city of Almaty is estimated. Information about the development of education in the republic is given in the collection "Materials for the report of the Central Executive Committee of the Kazakh ASSR at the 3rd session of the All-Russian Central Executive Committee of the 13th convocation." The content of the collection of documents and materials "People's education of the Kazakh SSR" is revealed. The role of the collection "Cultural Construction in Kazakhstan" in the study of the history of the formation of the Soviet education system is assessed, in which protocols, resolutions of the Turkestan Central Executive Committee and the Council of People's Commissars, resolutions of district committees and city committees of the party, orders and instructions of departments of public education, etc. were introduced. organization and management of education in the 1920s. prepared on the basis of documents of the Central State Archive of the Republic of Uzbekistan. Are considered Periodicals published in 1918-1930 and articles on their pages.

Key words: education, sources, archival fund, document, collection, periodicals, source studies, magazines, newspapers, systematization.

О. Мухатова, А. Каипбаева*

Институт истории и этнологии им Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aina_78@mail.ru

Исторические источники системы образования 1920-1930 гг.

В статье характеризуются источники истории образования в 1920-1930-х годах. Излагается о фондах и документах Центрального государственного архива Республики Казахстан, архива Президента РК, государственных архивов Алматинской, Кызылординской, Туркестанской, Оренбургской областей и государственных архивов Российской Федерации. Характеризуются фонды 4, 5, 127, 173, 194, 377 Кызылординского областного государственного архива. Оценивается значение 77-фонда государственного архива города Алматы. Приводятся сведения о развитии образования в республике, данные из сборника «Материалы к отчету ЦИК Казахской АССР на 3-й сессии ВЦИК 13-го созыва». Раскрывается содержание сборника документов и материалов «Народное просвещение Казахской ССР». Оценивается роль сборника «Культурное строительство в Казахстане» в изучении истории становления советской системы образования, в который включены протоколы, постановления Туркестанского ЦИК и СНК, постановления райкомов и горкомов партии, приказы и инструкции отделов народного просвещения и др. Определяется значение двухтомного сборника в определении основ организации и управления образованием в 1920-е гг. подготовленного на основе документов Центрального государственного архива Республики Узбекистан. Рассматриваются периодические издания, выходившие в 1918-1930 гг., и статьи на их страницах.

Ключевые слова: образование, источники, архивный фонд, документ, сборник, периодическая печать, источниковедение, журналы, газеты, систематизация.

Кіріспе

Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Ол – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беруде артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да білім беру және оны заманауи талаптарына сәйкес жүргізу қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Қазақстандағы 1920 жылдардағы зайырлы білім беру жүйесінің қалыптасу тарихының зерттелуін талдау арқылы өткен уақыттардағы осы саладағы тәжірибенің ұтымды тұстарын қазіргі кезде пайдалану жолдарын анықтауға болады. Ол үшін ең алдымен оқу-ағарту тарихын зерттеу қажет. Білім берудің өткенін шынайы зерделеу үшін тарихи деректердің қажет екендігі сөзсіз. Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы білім беру жүйесінің қалыптасуы және дамуын дәйектейтін деректердің біреулері архив қорларында сақталса, екіншілері жинақ түрінде жарық көрген, ал үшіншілері мерзімді басылым беттерінен орын алған. Алайда олар кешенді түрде зерттелмеген. Осы тұрғыдан келгенде кеңестік білім беру жүйесі тарихы бойынша деректерді жүйелеп, талдау бір жағынан мәселені терең зерделеу үшін аса маңызды бол-

са, екінші жағынан болашақ зерттеушілерге жол сілтеуші ретінде рөл атқарады.

Материалдар мен әдістер

Архив қорларының, әсіресе ҚР Орталық мемлекеттік, ҚР Президенті, Алматы қаласы және Қызылорда облыстық және т.б. архивтеріндегі аса құнды құжаттардың негізінде кеңестік білім беру жүйесін сыни тұрғыда, жаңаша зерттеудің маңыздылығы анық байқалуда. 1918-1939 жылдары шығып тұрған мерзімді басылым беттерінде білім беру мәселелері жиі басылған. Ол үшін алдымен тарихи деректерді анықтау және жүйелеу міндеті туындайды. XX ғ. 20-30 жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесін зерттеудің негізгі дереккөздерін деректану ғылымындағы түрлік классификацияға сәйкес мына төмендегі топтарға жіктеуге болады. Олар: архив құжаттары, жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтары, ұлт зиялыларының еңбектері, мерзімді басылым материалдары. Зерттеу нысаны ретіндегі аталған дерек түрлері анықталып, олардың маңызы ашылды. Деректанудың теориясы және әдістемесіне сәйкес олар сипатталып, бойларындағы ақпарат айқындалды.

Зерттеу деректану ғылымының тарихилық, шынайылық және әлеуметтік қағидаларына, со-

нымен қатар деректанулық классификациялау, жүйелеу, талдау, репрезентативтілік әдістеріне сүйенді. Деректердің шынайылық дәрежесін айқындауда деректанулық талдау қолданылды. Мәселені кешенді зерделеу мақсатында диахронды-кұрылымдық талдау және тарихи түрлік әдістер пайдаланылды. Осылардың барлығы 1920-1930 жылдардағы білім беру тарихының деректерін өзара сабақтастықта, әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, тұтастай талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талдаулар

1920-1930 жылдардағы кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы бойынша негізгі деректер ҚР Орталық мемлекеттік, Қызылорда мемлекеттік облыстық, Алматы қаласы мемлекеттік және Ресей Федерациясының мемлекеттік, экономика, қазіргі заман, ғылым академиясы архивтерінде шоғырланған. Мәселеге қатысты архив құжаттарының басым көпшілігі ҚР ОМА-де жинақталған. Дегенмен Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы оқу-ағарту тарихының деректері үстірт зерттелген. Мәселен, П.Г. Кимнің кандидаттық диссертациясында (Ким, 1973) Түркістан АССР-ындағы халыққа білім беру бойынша құжаттық деректерді талдауға арналды. Автор Түркістан АССР Ағарту халқомының қызметіне қатысты Өзбекстан Орталық мемлекеттік архиві қорларында сақталған құжаттарды сипаттаған. Ағарту халқомы алқасының хаттамалары, ережелері, есептері талданып, олардың маңызы айқындалған. А.С. Мұсағалиеваның (Мұсағалиева, 2000), Н.К. Алпысбаеваның (Алпысбаева, 2000) кандидаттық диссертацияларында ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі Халық ағарту комиссариаты қорының құжаттары Отан тарихының жекелеген мәселелерінің дерек көздері ретінде талданды. 1920-1930 жылдардағы мерзімді басылымдар туралы зерттеулер жүргізілгенімен ағарту тарихының деректері арнайы зерделенбеді.

ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 1920-1936 жылдар аралығын қамтитын 81-қоры Қырғыз (Қазақ) АССР Ағарту халық комиссариаты (Орынбор қ.), ал 1929 жылдан бастап Қазақ АССР Ағарту халық комиссариаты (Алматы қ.) қызметін көрсететін құжаттарды қамтиды (ҚР ОМА. 81-к., 1-т.). Бұл турасында 2021 жылы жарияланған мақаламызда айтылды.

ҚР ОМА-нің 921-қорында да білім беру тарихы бойынша көптеген құнды құжаттар

шоғырланған (ҚР ОМА. 921-к., 1-т.). Осы қорға 1920 жылғы Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасындағы кәсіптік-техникалық білім берудің жағдайы туралы баяндама тіркелген. Аталған архивтің 1169-қорында «Мұсылман мектептеріне 1-2-деңгейдегі оқулықтар, саяси әдебиеттер, қырғыз, өзбек, түрікмен тілдерінде театр қойылымдарын дайындау бойынша байқаудың» жарияланғандығын дәйектейтін құжат сақтаулы. Құжатта «Ең алдымен а) 1-деңгейдегі мектептерге келесі пән бойынша 1) бастауыш, 2) грамматика, 3) оқуға арналған кітаптар, 4) жаратылыстану, 5) математика, 6) жалпы география, 7) Түркістан географиясы, 8) Мәдениет тарихы бойынша қажетті оқулықтарды дайындау. б) Саяси әдебиеттер бойынша 1) коммунизмнің негіздері, 2) Шығыспен Батыстағы революциялық қозғалыс тарихы 3) Шығыстағы революциялық қозғалыс тарихы, 4) Интернационал тарихы, 5) саяси экономика 6) кәсіподақ қозғалысының тарихы, 7) экономикалық даму мәселесі бойынша, 8) ұлттық мәселе бойынша. Екінші кезекте 1) әдебиет оқулығы, 2) алгебра, 3) геометрия, 4) физика, 5) педагогика, 6) жаратылыстану пәндері бойынша 2-кезеңдегі мектептерге арналған оқулықтарды дайындау тапсырылды. Сонымен қатар екінші кезекке театрларға арналған пьесалар мен мектеп жасына дейінгі тәрбиешілерге арналған оқу құралдарын құрастыру кіреді делінген (ҚР ОМА. 1169-к., 12-т., 51-іс.). ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 693, 1352, 1436, 1692, 1997-қорларынан республикадағы орта, орта арнайы, жоғары білім беру, ғылыми мекемелердің қызметі туралы деректерді көптеп кездестіруге болады.

ҚР Президенті Архивінде (ҚР ПА) зерттеушілер үшін 139-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) комитеті, Қырғыз (Қазақ) облыстық партия комитеті, 140-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы, 141-қор РК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитеті қор құжаттары құнды болып табылады. Бұл қорларға халыққа білім беру ісі, өнер саласы қызметкерлерінің кәсіби дайындығы, сауатсыздықты жою, міндетті жалпыға бірдей бастауыш білім беруге көшу, қазақ жазуын араб тілінен латын қарпіне көшіру, сондай-ақ саяси-мәдени жұмыс, алғашқы бастауыш, орта, орта арнайы, жоғары оқу және ғылыми мекемелерді құру, халыққа білім беру жүйесін дамыту, кеңестік зиялыларды қалыптастыру туралы құжаттар тіркелген.

Қызылорда мемлекеттік облыстық архивінің «Қазақ Қызылорда ағарту институты»

деп аталатын 4-қорында Қазақ Қызылорда халық ағарту институтының құжаттарының 41 сақтау бірлігі жинақталған (ҚО МА. 4-к., 1-т.). Қордың негізгі құжаттары болып ағарту институты президумы, өлкелік оқу орындары президумы кеңесінің, халыққа білім беру кеңесі, мектеп кеңесі, оқу бюросы, оқу бөлімі, белсенді оқушылар мәжілістерінің хаттамалары, Қазақстан халық ағарту институты туралы ереже, оқу-өндірістік жоспарлар, оқытылған пәндер бағдарламалары, пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары, пәндерді оқыту әдістемесі бойынша бағдарламалар, социалистік жарыстар бойынша келісім-шарттар саналады. Қорда аса құнды құжаттар да сақтаулы. Осы архив деректері 1920-1930 жылдардағы Қазақ халық ағарту институтының қызметін толыққанды зерделеуге негіз болады.

Қызылорда мемлекеттік облыстық архивінің «Қазақ АССР Ағарту халық комиссариаты Қызылорда педагогикалық техникумы» деп аталатын 5-қорында (ҚО МА. 5-к., 1-т.). 1931-1936 жылдар аралығындағы оқу орнының қызметін дәйектейтін ұжымның жалпы жиналыстары мен мәжілістерінің хаттамалары, жылдық есептер, өндірістік жоспардың орындалғаны туралы есептер, тоқсандық баланстар, оқу бағдарламалары, жоспарлары туралы есептер, түсіндірме жазбалар, техникум жанындағы жеті дайындық курстарының сметалары, тоқсандық баланстар, айлық жеке құрам бойынша бұйрықтар, келісім шарттар, штаттық жобалар, оқытушыларға жалақы берудің ведомостері 27 сақтау бірлігіне жіктелген.

Осы архивтің «Қазақ ССР Ағарту халық комиссариаты Қызылорда облыстық білім беру бөлімі» атты 127-қорында 1937-1940 жылдар аралығындағы білім берудің жай-күйін талдауға қажетті құжаттар шоғырландырылған (ҚО МА. 127-к., 1-т.). Бұл қордың ерекшелігі мұнда ауылдық және қалалық корей мұғалімдердің, балалар үйі қызметкерлері мен тәлімгерлерінің тізімдері, мұғалімдердің репрессияға ұшырауы, орыс мектептерінде корей сыныптарын ашу, сауатсыздықты жою, әскерге шақырылғандар арасында сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқыту, баяндау хаттары сақтаулы. «Сырдария губерниясы Қызылорда (Перовск, Ақмешіт) уездік-қалалық білім беру бөлімі» құжаттары 173-қорға жинақталған (ҚО МА. 173-к., 1-т.). Қор құжаттарының мерзімдік шегі – 1919-1924 жылдар. Қорға Перовск мұғалімдер, оқушылар одағы президумы мәжілістерінің хаттамалары, жарғысы, Түркістан Республикасы халық

комиссарларының декреттері, өкімдері, циркулярлары, уездік-қалалық білім беру бөлімдерінің ережелері және т.б. тіркелген. 1917 жылы Перовск қаласында қарамағына барлық бастауыш және орта мектептер берілген Сырдария облысы уездік халыққа білім беру Кеңесі құрылды. Уездік білім беру бөлімі 1921 жылға дейін жұмыс жасады. Оның міндеттеріне балаларға және үлкендерге арналған жаңа мектептер ашу, балаларға білім алу үшін барлық жағдайлар жасау, оларды оқу, жазу құралдарымен, киім-кешекпен және аяқ киімдермен қамтамасыз ету жүктелді. 1918 жылы Перовск уезінде жалпыға бірдей тегін білім беру мақсатымен 5-14 жастағы балалардың санағы өткізілді. 1919 жылы Перовск атқару комитеті «Жалпыға бірдей барлық балаларды міндетті тегін оқыту туралы» циркуляр қабылдады (ҚО МА. 173-к., 1-т., 5-іс, 71-п.). 1918 жылдың соңында облыс аумағындағы 58 мектепте 4660 оқушы білім алды, олардың 1786-сі қазақтар болды. Уездік білім беру бөлімінің жанында кеңсе, мектеп бөлімі, мектепке дейінгі тәрбие, балаларды қорғау, үлкендерге арналған мектеп, кітапхана, театр және кино секциялары, сметалық-бухгалтерия бөлімшесі және қамтамасыз ету бөлімі жұмыс жасады (ҚО МА. 173-к., 1-т., 4-іс, 39-п.).

Қызылорда мемлекеттік облыстық архивінің «Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесі» деп аталатын 377-қорында (ҚО МА. 377-к., 1-т.) тұрақты сақтауға алынған құжаттардың арасында 1939-1940 жылдың оқу-тәрбие жұмысының жоспары кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы тарихын зерделеуге септеседі. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтының 292-қорындағы 1937-1940 жылдар аралығындағы қызметіне қатысты құжаттар Қазақстанда жоғары білім беретін оқу орындарының қалыптасуы мен дамуы үрдістерін анықтауға мұрындық болды. Сонымен қатар «Қызылорда қалалық білім беру бөлімі» аталатын 447-қордан да құнды деректер табуға болады. Қызылорда аудандық білім беру бөлімінің 1930-1934 жылдардағы қызметіне байланысты құжаттар 9-қорға жинақталған.

Қызылорда округтік атқару комитеті білім беру бөлімінің 1928-1930 жылдардағы жұмысы бойынша құжаттарды 194-қордан (ҚО МА. 194-к., 1-т.) табуға болады. Мұнда республикалық ағарту халық комиссариатының циркулярлары, хаттамалар, хат алысулар, статистикалық мәліметтер, оқушылар, пионерлер конференцияларының хаттамалары, делегат оқушылардың тізімдері, мектепте білім беру ту-

ралы есептердің қорытындылары бар. Құжаттар арасында қыз балаларды оқытуға қатыстылары зерттеушілердің назарын аударады. Округте 8-12 жастағы оқушылардың саны 1926 жылғы санақ бойынша 27647 адамды құраған. Осылардың ішінде қазақ қыздарының саны небәрі 2249 болған. Қыздарды оқуға тартудың күрделі мәселе болғандығы ашық айтылған (ҚО МА. 194-қ., 1-т., 5-іс., 76-п.). Егістік науқанына мектептерді қатыстыру туралы құжаттың мазмұны голощекиндік күштеп ұжымдастыру кезіндегі солақай саясаттан хабардар етеді (ҚО МА. 194-қ., 1-т., 4-іс., 98-п.). Оқушыларды ашық түрде сүйек, тұяқ, мүйіз, жылқының қылын, ішек-қарын, ескі киіз жинауға шақырған қалалық инспектор Заволоканың үндеуі зерделеуді қажет етеді. Үндеуде осылар ауыл шаруашылығы машиналарын, тракторларды сатып алуға жұмсалады делінген, оқушылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырып, шикізатты жинауға жаппай жұмылдыру қажеттілігі баяндалған құжаттың маңызы зор (ҚО МА. 194-қ., 1-т., 4-іс., 80-п.).

Алматы қаласы мемлекеттік архивіндегі 77-қорда Алматы қалалық білім беру бөлімінің 1930 жылдардағы қызметін көрсететін көптеген құжаттар сақтаулы. Сондай құжаттардың арасында Т. Жүргеневтің 1934 жылы 5 маусымда қалалық мұғалімдер конференциясында сөйлеген сөзінің стенограммасы назар аудартады (АқМА. 77-қ., 1-т., 66-іс., 40-55 пп.) Сонымен қатар осы архивтің 138-қорындағы Верный қыздар мектебінің, 137-қорындағы Жетісу облысы Алматы педагогикалық техникумының, 192-қорындағы Алматы қазақ-орыс педагогикалық техникумының жұмыстары туралы бұрын-соңды ғылыми айналымға түсірілмеген құжаттарды табуға болады. Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің 1922 жылдың 10 мамырындағы циркулярында «Педагогикалық және саяси саналы жаңа педагог кадрларын даярлауды Ағарту Халық комиссариаты басты міндет деп санайды. Түркістан республикасы жағдайында, әсіресе, байырғы халық үшін бұл міндет аса қажет болып табылады. Оны шешу Ағарту халық комиссариатының, оның жергілікті бөлімдері мен атқару комитеттерінің үнемі назарында болуы керек. Есеп пен жоспар, мәселені дұрыс шешудің негізгі шарттары. Қазіргі уақытта Түркістан педагогикалық білім беру бөлімінде: біріншіден, Түркістан Республикасына арналған педагогикалық оқу орындарының түрлері, екіншіден, әртүрлі аймақтар мен ұлттарға арналған педагогикалық оқу орындарының типтері анықталды» (АқМА.

122-қ., 1-т., 6-іс., 70-71 пп.), – деп көрсетілген. Арнайы білім беру мекемелері үшін білікті еңбекшілер дайындайтын оқу орнының негізгі түрі педагогикалық техникум болып белгіленді. 137-қордағы облыстық педагогикалық училищенің 1921-1922 оқу жылының есебінен көптеген мәліметтер алуға болады (АқМА. 137-қ., 1-т., 5-іс., 45-53 пп.).

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік облыстық архивінде Халық комиссарлар кеңесінің 1918 жылдың 15 қазанынан бастап жаңа орфографияны енгізу туралы декрет және жаңа жазу ережелері сақтаулы (ОҚО МА. 1129-қ., 11-т., 63-іс.). Осы архивтің 242-қорының Түркістанның байырғы халықтарының мектептерінде діни ілімді оқыту мәселесі туралы құжатта «...Жаңа экономикалық саясат орныққаннан бері кеңес мектептерінің материалдық базасы әлсіреді. Конфессиялық мектептер күшейді. 1921 жылдың аяғынан бастап кеңес мектебінің конфессиялық мектепке қарсы тұра алмайтыны анық болды. Конфессиялық мектеп жағында халық арасында ықпалды дәстүрлі молдасы болса, кеңес мектептерінде көбінесе үй жұмысын мектеп жұмысынан артық көретін 2-4-6 айлық қысқа мерзімді оқуы бар мұғалімдер басқарды. Кеңес мектептеріне қарсы ескі әдістегі молдалардың үгіт-насихаты күшейді, әсіресе, кеңес мектебін материалдық жағынан қорғансыздығы артқа тартты», – деп жазылған. Орын алған жағдайдан шығу үшін «... байырғы халықтардың кеңестік мектептерін ең сенімді құралдармен нығайту үшін тез арада шешуші шаралар қабылдау қажет, ол үшін өзінің білімімен, беделімен қоғамда лайықты орнын ала алатын жақсы дайындалған мұғалім болуы қажет; 2/ мемлекет тарапынан мұғалімді тиісінше қамтамасыз ету керек» делінген. «Мұғалімдерді дайындау кем дегенде 5 жылды қажет етеді, мұғалімнің қаржылық жағдайы мемлекеттің жалпы күрделі экономикалық жағдайына байланысты. Уақытша қысқа мерзімді оқуы бар оқытушыны пайдалануға тура келеді» (ОҚО МА. 242-қ., 1-т., 3-іс.) дегеннен кеңестік биліктегілердің білім берудің шынайы ахуалын мойындағандарын анық көруге болады. Халық жадынан берік орын алған мұсылман дінінің негіздерін бірден өшіру мүмкін еместігін байқаған билік оны оқытуды жалғастыру қажет деп есептеді. Сол себепті де құжатта «Алдағы оқу жылынан бастап Түркістандағы байырғы аймақ тұрғындарының өтініші бойынша барлық кеңестік мектептерде діни ілім бойынша қосымша сабақтарды өткізуге рұқсат беріледі. Сабақтарды мектептің молдасы

немесе мұғалімі үйрететін болады. Күнделікті оқудың төртіншісі сабағы діни ілімге арналады. Егер діни сабақтарды мұғалім жүргізетін болса, онда олар мектептегі ақылы сағаттардың жалпы санына қосылады» (ОҚО МА. 242-қ., 1-т., 3-іс.) делінген. Қордағы Түркістан қалалық әдебиет істері жөніндегі бас басқармасы туралы және баспагерлер туралы ережені зерделеу маңызды. Онда баспа шығармаларына цензураның барлық түрін біріктіру мақсатында Халық ағарту ісі жөніндегі облыстық инспекциялар жанынан Ағарту халық комиссариаты жанынан Әдебиет және баспа ісі жөніндегі бас басқармасы және оның жергілікті органдарының құрылатындығы (ОҚО МА. 1129-қ., 11-т., 63-іс., 162-163 пп.) жөнінде айтылған. Мұның өзі кеңестік білім беру саласында да қатаң бақылаудың болғандығынан хабар береді.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің А2306-қорына РСФСР ағарту министрлігі (1917-1988 жж.) құжаттары тіркелген. 1920-істе ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының мүддесі үшін бүкіл саналы ғұмырын арнаған Алаш қайраткерлерінің саяси ұстанымдары мен көзқарастарын күштеп өзгерту шаралары көрініс тапқан. Тарихи деректе Ахмет Байтұрсыновтың 1922 жылы шыққан «Оқу құралы» атты кітабына жазылған пікірдің мәтіні берілген. Пікірде бұрынғы қателіктер түзетілгені және осыған дейінгі басылымнан бірқатар өзгешеліктері бар екендігі айтылады. Мұндай қателіктер мен өзгешеліктердің қатарында діни терминдердің алынып тасталғаны көрсетіледі. Мұхаммед пайғамбар және имам деген сөздердің алынып тасталуы большевиктердің қазақтар арасындағы дәстүрлі сенімін жойып, атеисттік қоғамды қалыптастыруға бағытталған қадамдарының орын алғандығын айқын білдіреді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың еңбегіне түзету енгізудің кеңестік билік үшін маңызын көруге болады. Сонымен қатар осы кітаптан «Ұйқышы» және «Үлеске ұсталық» атты әңгімелерді алып тастаудың көзделгені туралы да мәліметтер келтіреді. Мұндағы мақсат қазақ баласын діни тәрбиеден алшақ ету мүддесін көздегенін білдіреді. Алаш арысының бұл әңгімелері де қазақ баласының саяси белсенділігін арттыруға бағытталғаны күмән тудырмайды (РФ МА. 2306-қ., 1-т., 1920-іс, 6-п.).

Архив құжаттарының мазмұны, большевиктік билік орнаған алғашқы жылдарда дәстүрлі білім беруді ескінің көзі ретінде бағалап, жаңа жүйеге бейімдеу ісі белсенді қолға алына бастағандығын байқатады. Жаңа қаріпті

білмейтін қазақтар «сауатсыз» адамдар ретінде саналған. Шындығында қазақ халқының жазу мәдениеті ерте дәуірлерде қалыптасып, дәстүр түркілік руна жазуымен ұштасып, исламның келуіне байланысты араб қарпі белсенді қолданыста болды. ХХ ғасыр басында төте жазу аталып кеткен қаріпте қазақтардың іс қағаздары дайындалып, газет-журналдар шығарылған. Алайда әміршіл-әкімшіл жүйе рухани жазба мұрасын жоққа шығарып, жаңа жазу жүйесіне қалыптастыруды қолға алды. Бұл үдерістің қарқынына архив құжаттары куә. Мысалы, 2306-қордағы 2624-істе Қызыл әскер құрамына «сауатты» сарбаздарды тарту мақсатында әскерге дейінгі жастар арасында зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқытуды қолға алынғандығы байқалады. Сауаттандыру ісіне қосымша қаражат және арнайы ғимарат бөлу ісі де көзделген. Бұл үдеріс жаңа білім беру жүйесі тек қана мектеп жасындағы оқушыларды ғана қамтып қоймағандығын көрсетеді. Демек жаңа жүйе түрлі сатылар мен деңгейлерде негізделген деп тұжырымдауға болады. Қаражаттың тапшылығы салдарынан сауаттандыру үдерісін тоқтатуға болмайтындығы ерекше аталып, бұл іске мемлекеттік маңыз берілген (РФ МА. 2306-қ., 1-т., 2624-іс, 6-8 пп.).

Сондай-ақ, аталған қорда Түркістан өлкесіндегі білім беру ісіне қатысты да бірқатар мәліметтер сақталған. Мәселен, мұсылмандық қозғалыс пен тәуелсіздік үшін күрестің ұясы саналған Түркістандағы білім беруді қатаң бақылаған. Осы мақсатта жергілікті әкімшілікке жаңа білім беру жүйесіне кері әсер ететін құбылыстарды дереу жойып, қажетті қаражатты жеткілікті бөлу мәселесі өз шешімін табуы тиіс екендігі қадап айтылды. Сол себепті 1921 жылдың 22 қыркүйегінде 520 миллион сом бөлінген.

Бұдан өзге, Ресей мемлекеттік архивінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті бекіткен автономиялы республикалардағы университеттер туралы жалпы ережеге бағынудан Түркістан республикасы жоғары оқу орындарын алып тастау туралы Түркістан Республикасы өкілдерінің өтінішіне қатысты қорытынды тіркелген. Қорытындыда жоғары оқу орындарының Инпростан шығу үшін ешқандай негіздің жоқ екендігі, себебі Түркістан Республикасында өзінің Мемлекеттік Ғылыми Кеңесін құру үшін білікті ғалымдардың жеткіліксіздігі алдыға тартылған. Оқу жоспарлары, бағдарламаларын және профессорлық құрамын РСФСР Мемлекеттік Ғылыми Кеңесінің бақылауынсыз

жасау, жасақтай, түркілеу үдерісін жүзеге асыра алмайтындығы ашып жазылған (РФ МА. 2306-к., 1-т., 1510-іс, 6-п.). РСФСР Ағарту халық комиссариатының 513 000 жұмыс бірлігінен 11 057 бірлігі Қазақ АССР-ның оқу орындарына бөлінген (РФ МА. 2306-к., 1-к., 1510-іс, 5-п.).

Ресейдің мемлекеттік экономика, Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы, Ресей Ғылым Академиясы архивтерінің қорларында Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы білім және ғылымның қалыптасып, дамуы бойынша құжаттар бар.

Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің «Орынбор губерниялық атқару комитеті» деп аталатын 1 (ООМА. 1-к., 1-т.) және 188 (ООМА. 188-к., 1-т.) қорларынан және «Орынбор губерниялық халыққа білім беру бөлімі» деген 190-қорынан атқару комитетінің мәліметтері, бұйрықтары, Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясы ағарту секциясының баяндамалары, балалар үйіне қабылданғандар туралы мәліметтерді алуға болады. Орынбор облыстық мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивіндегі 1-қорда ВКП(б) Орынбор губерниялық партия комитетінің білім беру саласына қатысты құжаттары, 371-қорда Орынбор қазақ мектебі, Орынбор облыстық партия комитетінің есебі сақтаулы (ОМ ЭСТА 371-к., 1-т.). Әлі де болса талдауды, терең зерделеуді қажет ететіндері де бар. Мұндай құжаттар ҚР Президенті архивінде жинақталған.

1920-1930 жылдардағы білім беру мен ғылымның дамуын дәйектейтін деректер жарық көрген архив құжаттары мен материалдарында көрініс тапқан. Солардың бірі 1928 жылы жарияланған «Одақтық орталық атқару комитетінің 13-шақырылымындағы 3-сессиясына Қазақстан орталық кеңес комитетінің есептік мағлұматы» (Материалы, 1928). Материалдар жинағынан 1920 жылдардағы республикадағы білім берудің материалдық базасы, 1-сатыдағы мектептер, кәсіби білім беру желісі, саяси-ағарту, ғылыми жұмыс, жалпыға бірдей білім беру, ұлттық баспа қызметі, латын әліппіне көшу туралы құнды мәліметтерді алуға болады. Кеңестік кезеңде білім беру саласында қабылданған заңнамалық құжаттар жүйеленген еңбектер жарық көрді. Мәселен, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы білім беру ісіне қатысты қабылданған құжаттар мен материалдар «Народное просвещение КазССР. Сборник документов и материалов (1917–1939)» (Народное просвещение, 1957), «Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материа-

лов (1918–1932)» (Культурное строительство, 1965), «Народное образование КазССР. Сборник документов и материалов» (Народное образование, 1957) атты деректер жинақтарында топтастырылған. «Народное просвещение КазССР» деген деректер топтамасына енгізілген құжаттар өзара тығыз байланыста, бірін бірі толықтыратын тақырыптар бойынша бес тарауға бөлініп, жүйеленіп, ұсынылған. Бірінші тарауы «Қазақстандағы 1918-1932 жылдардағы социалистік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының жалпы мәселелері» деп аталады. «Білім берудің дамуы» деген екінші тарауына 1920-1930 жылдардағы еңбекшілер арасындағы сауатсыздықпен және шала сауаттылықпен күрес, кеңес мектептерінің құрылуы және қайта құрылуы тарихына қатысты көптеген құнды құжаттар топтастырылған. Үшінші тарауы орта арнайы және жоғары білім беру ісіне байланысты құжаттар жинақталған.

Екінші, үшінші және төртінші тараулар бойынша келтірілген құжаттардың мазмұны 1920-1930 жылдары білім берудің өткір сипат алып, кеңестік қоғамның өзекті түйткілдерінің бірінен саналғандығын айғақтайды. Ағарту мәселелері партия, кеңес ұйымдарының мәжілістерінде жиі қаралып, өз заманының талаптарына сәйкес шешімдер шығарылған. Жинақта Қазақ АССР Ағарту халық комиссариаты және оның жергілікті ұйымдарының қызметін көрсететін құжаттар мен материалдар кеңінен орын алған. Балалар мен үлкендердің сауатын ашуға бағытталған «Сауатсыздықты жою» қоғамының атқарған жұмыстарын дәйектейтін құжаттар бұл мәселенің қойылымы, шешілуі, нәтижелері туралы мәліметтер береді. Құжаттардың мазмұнында кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында білім беру саласында орын алған қиындықтар мен кемшіліктер ретінде мектеп ғимараттарының тапшылығы, педагог мамандардың, оқу құралдарының жетіспеуі түрінде көрсетілген. 1921-1925 жылдары мектептердің қысқаруы республикадағы шаруашылық қиындықтарымен байланыстырылған. Құжаттардың бірде біреуінде білім берудегі ауыртпалықтар 1921 жылы өлкені жайлаған аштықпен байланыстырылмайды. Қазақ ауылдарындағы мектептердің мүшкіл жағдайы көшпелі тұрмыстың салдары, ескіліктің қалдықтарының зардабы ретінде түсіндірілген. Заман талаптарына жауап бере алмаған ауылдық бастауыш мектептердің жай-күйін шынайы көрсететін, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, дамыту, қазақ балаларының, әсіресе қыз балалардың білім

алуындағы кедергілер мен қиыншылықтар айтыла бермейді. Мұғалімдерге арналған қысқа мерзімді дайындық курстарының білім сапасына кері әсерін көрсететін құжаттар кездеспейді. Ағарту ісін дамытудағы ұлт зиялыларының мүддесін дәйектейтін құжаттар жинақтан орын алмаған. Большевиктер партиясының жетекшілік рөлін көрсетуге, кеңес үкіметінің ресми құжаттарына басымдылық танытылған. Мәселен, декреттер, есептер, қаулылар, хаттамалар, қарарлар, баяндамалар, баян хаттар және т.б. түпнұсқа түріндегі құжаттар басылған. Мәдени-ағарту бойынша атқарылған жұмыстар туралы мәлімет беретін құжаттардың мазмұнынан осы саладағы науқаншылдықты, сападан гөрі санға мән беруді айқын көруге болады. Мұның өзі жинақта келтірілген құжаттар мен материалдарды сыни деректанулық талдаудан өткізу қажет дегенді білдіреді.

Білім беруге қатысты тарихи деректер «Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917-1924 гг)» (Культурное строительство, 1973) атты құжаттар жинағынан көрініс тапты. Құжаттарды анықтау Қазақ, Қырғыз, Тәжік, Түікмен, Өзбек советтік социалистік республикаларының орталық және облыстық, Мәскеу қаласындағы Орталық мемлекеттік Қазан революциясы және КСРО социалистік құрылыс архивтерінде жүргізілген. Құжаттардың көпшілігі Өзбек ССР ОМА-нің Түркістан республикасы ағарту халық комиссариаты (Р-34), Түркістан республикасы Халық комиссарлары кеңесі (Р-25) қорларында айқындалған. Осылардың негізінде жинаққа кеңес үкіметінің халық ағарту саласы бойынша актілері, Түркістан республикасы коммунистік партияның съездері мен конференцияларының шешімдері, Түркістан Орталық Атқару Комитетінің және Халық комиссарлар кеңесінің хаттамалары, қаулылары, уездік және қалалық партия комитеттерінің шешімдері, халыққа білім беру бөлімдерінің бұйрықтары мен нұсқаулары және т.б. құжаттар енгізілген. Жинақты пайдалануды жеңілдету мақсатында құжаттар алты бөлімге бөлініп, хронологиялық ретте берілген. Бірінші бөлімге Түркістан компартиясының директивалық сипаттағы декреттері, ережелері, қаулылары, шешімдері топтастырылған. Мәселен, Түркия Республикасы Уақытша Әскери Революциялық Кеңесінің мектептер мен оқу орындарында Құдай заңын оқытуға және капеллаларға қызмет етуге тыйым салу туралы 1918 жылдың 12 ақпанындағы декретінде шіркеудің мемлекеттен бөлінуіне байланысты барлық оқу орындарында құдайға

құлшылық етуге, құдай заңын оқытуға, иконаларды ілуге тыйым салынған (Культурное строительство, 1973, 33-34) 1919 жылдың 1-15 маусым аралығында өткен Түркістан компартиясының III съезінде қабылданған мәдени-ағарту жұмыстары туралы шешімдерінде өлкеде партия мектептерін ұйымдастырып, ашуға қатысты шешімдері көрсетілген. Жинақтың екінші бөліміне Түркістан республикасы Ағарту халкомының құрылуын, құрамын, атқаратын қызметін көрсететін құжаттар топтастырылған. Түркесубликасы ОАК-нің Ағарту халық комиссариаты туралы 1919 жылдың 20 тамыздағы ережесі 1920 жылдардағы білім беруді басқару және ұйымдастыру мәселелерін терең зерделеуге септеседі. АХК жанынан мектепке дейінгі тәрбие және балаларға көмек, жалпы білім беретін мектептер, техникалық және арнайы мектеп, ғылыми, өнер, ауылшаруашылық білім беру, пролетарлық мәдени-ағарту ұйымдары, дене шынықтыру, оқу-басылым, статистика, есеп-қисап, бухгалтерия, техникалық, әкімшілік-шаруашылық, науқас және сәтсіз, ұлттық бөлімдердің құрылғандығын дәйектейтін, сондай-ақ олардың қызметі айқындалған құжаттың маңызы зор.

Жинақтың үшінші бөлімі кәсіби-техникалық білім беруге қатысты құжаттарға арналған. Түркістанда кәсіби-техникалық білім беруді ұйымдастыру туралы 1920 жылдың 24 қазанындағы Түрікесубликасы ХКС-нің қаулысына С. Асфендиаров қол қойған (Культурное строительство, 1973, 282). Халық университеті және ғылыми мекемелердің құрылуы мен қызметін көрсететін құжаттар төртінші бөлімге жинақталған. Верный халық университетінің ректоры В. Городецкийдің факультеттерді ұйымдастырудың ахуалы туралы баяндамасы зерттеушілер назарын өзіне аударады. Университетте әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-математика, әдебиет-философия, ауылшаруашылық, техникалық тәрізді жоғары курстар – факультеттер болған. Орта тәжірибелік курстарға электромонтерлер, автомобиль ісі, темір жол, сызу жатқызылған. Ғылыми мекемелер деген бөлімшеден Түркістан табиғатын зерттеу қоғамының жарғысын табуға болады (Культурное строительство, 1973, 3423-343). Сондай-ақ Түрікесубликасы Ағарту халкомы жанындағы математикалық комиссияның қызметі туралы мәліметтер де осы бөлімшеге енгізілген.

Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы ағарту тарихын зерттеуде Өзбекстан Республикасы

Орталық мемлекеттік архиві қорлар құжаттары бойынша дайындалып, жарық көрген екі томдық жинақтың (История образования, 2015) айтарлықтай маңызы бар. Жинақтың екінші томы кеңестік кезеңдегі білім беру бойынша қалыптасқан құжаттарды көрсетуге арналған. Өзбекстандағы кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы, дамуы және реформалануына баға беруге бағытталған құжаттардың арасында 1918-1923 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ағарту мәселелеріне қатысты құжаттарды кездестіруге болады. Жинақта жалпылама сипаттағы бұйрықтар мен нұсқаулар орын алған. Сол себепті оларды 1920 жылдардағы ағарту ісін ұйымдастыру мен басқарудың негіздерін айқындауда қолдануға болады.

Ұлт зиялылары кеңес өкіметіне адал қызмет етіп, ағарту саласына зор үлестерін қосты. Олар оқулықтар, оқу құралдарын, өзге де білім алуға қажетті әдебиеттерді дайындады. Оқушылар А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың (Аймауытов, 1998), М.Жұмабаевтың (Жұмабаев, 1992), Т.Шонановтың, Е.Омаровтың, Х. Досмұхамедовтың, Қ.Кемеңгеровтың, С.Қожановтың, Е.Ермековтің, Б.Майлиннің оқулықтарын пайдаланды. Осы оқулықтар мен оқу құралдары аса құнды деректер болып саналады. Кәсіби білім беретін және жоғары оқу орындарында қызмет еткен ұлт зиялылары оқу бағдарламаларын құрастырды. Олардың мазмұнымен танысу қазіргі білім беру үшін маңызды.

1918-1930 жылдары ағарту саласы бойынша арнайы мерзімді басылымдармен қатар большевиктік партия және кеңес үкіметінің органдары саналған бірқатар журналдар мен газеттер басылған. XX ғасырдың 20-30 жылдарында шығып тұрған мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар, хабарламалар және т.б. өз бойларында ағарту және ғылымның дамуы жөнінде қайталанбас мәліметтерді сақтаған. Түркістан Республикасы Ағарту халық комиссариатының органы – «Просвещение» газетінде білім беру ісінің өзекті мәселелері, түрлі бұйрықтар мен қаулылар, ағымдағы жұмыстар және т.б. жарияланды. 1918 жылғы 1 қыркүйектегі санында мектептерде педагогикалық қоғамды құру қажеттілігі негізделген мақала басылған. Мақаладағы «Социалистік идеяларды ұрпақ санасына сіңіретін мектеп ешқашан дағдарысқа ұшырамауы тиіс, ол үнемі дамып отыруы керек. Дағдарыс орын алғанның бәрі өледі, сондықтан да мектепті шығармашылық, дамыту құралына айналдыру үшін педагогикалық қоғам құру

қажет» (Просвещение, 1918), – деген тұжырым назар аударуды қажет етеді. Заманауи мектептер мен мұғалімдердің мәртебесін көтеруге септесетін тың идея қалыптастыруда осындай көзқарастарды ой елегінен өткізген абзал. РК(б)П Жетісу облыстық комитетінің органы «Голос Семиречья» газеті де өлкедегі ағарту жағдайы бойынша мақалаларды, хабарламаларды жариялап тұрған. Газеттің 1919 жылдың 4 қарашасындағы санында облыстағы ауыл мектептерінің жағдайы сипатталған. Сонымен қатар Жетісу өлкесіндегі білім беру орындары туралы мәлімет келтірілген. Верныйда әртүрлі типтегі 22 жаңа мектеп ашылды. 1918 жылдың мәліметтері бойынша Жетісу облысында бірінші сатыдағы 230 орыс және 64 мұсылман, екінші сатыдағы 35 орыс 4 мұсылман, үшінші сатыдағы 6 орыс арнайы оқу орны, 1 орыс, 1 мұсылман мұғалімдер семинариясы, оларда 21498 орыс, 3954 мұсылмандар оқыған» (Голос Семиречья, 1919). Оқу орындарында орыс халқы өкілдері санының басым болғандығы анық көрінеді. Мұны кеңестік биліктің алғашқы күндерінен бастап орыс халқын аға ұлт ретінде өзгелерден жоғары қою саясатының ауқымында орын алған үдеріс ретінде түсіндіруге болады. Облыс тұрғындарының жалпы саны 1200000 адамды құраған. Мектеп жасындағы балалардың саны 240000 болған. Орта есеппен алғанда бір мектепте 150 бала оқыса, оларға 1600 мектеп, 6000 мұғалім қажет болды (Голос Семиречья, 1919). Алайда кеңестік биліктің алғашқы жылдарында осыншама мектеп те, мұғалім де болмады. 1919 жылдың өзінде 300 мұғалім жетіспеді. Мұғалімдер семинариясы 8, Верныйдағы курс 33 маманды даярлап шығарды (Голос Семиречья, 1919). Мұндай көрсеткіш сұранысты мүлде қанағаттандыра алмады. Дегенмен жастардың мұғалімдікке қарай бұрылғаны байқалды. 1918 жылы педагогикалық курстарға 145, семинарияға 35 жас оқуға түсті. Жазғы уақыттарда мұғалімдерді дайындайтын курстар Жаркентте, Верныйда ашылды. Ағарту саласының мәселелері Түркістан Республикасы Орталық партия және атқару комитетінің органы «Известия» газетінің беттерінен орын алды. Газеттің 1921 жылғы 1 қаңтардағы санында кооперативтік білім беру, 4 қарашадағы санында қазақ ғылыми комиссиясы, 1922 жылдың 10 қаңтардағы санында ағартуға жұмсалған қаржы туралы мақалалар басылған. 1922 жылдың 24 қаңтарындағы санында Алматыда облыстағы тұңғыш қазақ педагогикалық училищесінің ашылғандығы қуана жеткізілген (Известия, 1922).

Аталғандардан басқа ағарту мәселелері Түрікмайданы революциялық саяси басқармасының органы «Еженедельник политработника», Жетісу облыстық РК(б)П және кеңестердің атқару комитетінің органы «Правда», Түркістан АССР халық комиссарлар кеңесі органы «Советский Туркестан», Түркістан орталық және Сырдария облыстық кәсіподақтар органы «Туркестанский вестник профессионального движения» газеттерінің беттерінен көрініс тапты. Сонымен қатар өлкедегі ұлт істері жөніндегі комиссариаттың органы «Коммунист» газетінде түркі халықтарына білім беру, мұсылмандар арасындағы ағарту туралы мақалалар басылды. Түрік республикасы Ағарту халық комиссариатының органы болған «Наука и просвещение» журналы тұтастай білім беру мен ғылымды насихаттауға арналды. Журналдың 1922 жылдың 2-санында Түркістан республикасындағы бес жыл ішінде ағарту халкомын ұйымдастыру, өлкеде бастауыш білім беру мәселелері баяндалған мақала жарық көрді. Бұл жарияланымдардың деректік маңызы зор, оларда көптеген статистикалық мәліметтер берілген. Мәселен, 1922 жылдың ақпараты бойынша Сырдария облысында бірінші сатыдағы 88, екінші сатыдағы 4 мектеп жұмыс жасаған (Наука и просвещение. 1922, 32). Облыста барлығы 822 мектеп, 62013 бала білім алған (Наука и просвещение. 1922, 31). Революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда үш есе артық болған. Мектептердегі байырғы тұрғын – оқушылардың саны революцияға дейін 96 болса, 1920 жылы олардың саны 994-ке жеткен. Барлық білім алушылардың саны революцияға дейін 3873 болса, 1920 жылы 98656 адамды құраған (Наука и просвещение, 1922, 33).

РСФСР Ағарту халық комиссариатының ай сайын шығып тұрған журналының беттерінде Қазақстандағы білім беру түйткілдері сирек болса да басылған. Мәселен, 1927 жылдың №5 санында Қазақстандағы ауыл мектептері туралы мақала жарияланды. Мақалада ҚазақССР-ындағы халыққа білім беру ісінде ауыл мектептерінің және оларды дамытудың аса маңызды мәселелердің бірінен саналатындығы жазылған. Ауыл мектептерін өркендетуге жұмсалған қаржы, саны, оқушылардың саны, ұлттық құрамы көрсетілген (Народное просвещение, 1927, 126-139). 1925 жылдан бастап ғылыми-педагогикалық және өлкетану «Жаңа мектеп» журналы шығып тұрды. Мұғалімдер үшін арнайы басылымның шығуына С.Сәдуақасов қолдау көрсетті. Журнал беттерінде мектептер өмірінен

хроника, библиография, ресми және жалпы материалдар жарияланатын болды. Журналдың «мақсаты қысыр пәлсапа сату емес, қисын жырларын жырлау емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқушыларының мектептегі күнбе-күндік жұмыстарына жәрдемші болу. Оқушылармен пікір алмастырып жүкті «әуп-әуп» деп күш қосып бірге тарту» деп көрсетілді. С.Сәдуақасов осы журналдың ұйтқысы әрі белсенді авторы болды (Махат, 2007, 268).

«Жаңа мектептен» өзге 1920-1930 жылдардағы ағарту және ғылымның дамуы мәселелері «Еңбекшіл Қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Степная правда», «Ауыл тілі», «Жұмысшы», «Лениншіл жас» және т.б. газеттері мен журналдарында басылды. 1928 жылы Қазақстанда 4 орталық және 7 жергілікті газеттер барлығы бір нөміріне 43 200 данамен, ал кейбіреулері аптасына екі рет шығарылды (Материалы, 1928, 112). Бұлардан бөлек «Халық мұғалімі», «Ақ жол», «Ағартушы хабаршысы» (Вестник просвещения), Қазақ бас саяси ағарту хабаршысы (Вестник Кирглавполитпросвета), «Пионер», мерзімді басылымдары шығып тұрды.

Қорытынды

1920-1930 жылдардағы дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім беру мен ағарту жүйесі тарихының деректеріне жасалған талдау мәселе бойынша деректер қорының молдығын дәйектейді. Кеңестік және просткеңестік кезеңдерде олардың көпшілігі ғылыми айналымға түсірілген. Архив құжаттарын сыни талдаудан өткізу қажеттілігі анық байқалады, өйткені олар тоталитарлық билік, кеңестік идеология үстемдік етіп тұрған уақыттарда қалыптасқан. Тарихи шындыққа құжаттарды өзара салыстыру, терең деректанулық талдау жасау арқылы ғана көз жеткізуге болады.

Жарық көрген архив құжаттары мен материалдар жинақтарының ғылыми зерттеулер жүргізудегі маңызы дау тудырмайды. Дегенмен оларға сын көзбен қарау қажеттілігін жадтан шығармаған абзал, өйткені олардың барлығы коммунистік партияның білім берудегі рөлін көрсетуді мақсат еткен. Сол себепті де ағарту саласындағы кемшіліктерден гөрі жетістіктерді дәріптеуге басымдылық берілген. Кеңестік қатаң цензура орын алған кезеңде архив құжаттарының бұрмаланып, коммунистік партияның мүддесінде көпшілікке ұсынылғанын жадымыздан шығармаған абзал.

Газет пен журналдардың беттеріндегі материалдарда білім берудің көбінесе жетістіктері дәріптелді. Кемшіліктерді, онда да мұғалімдердің, мектеп үйлерінің, оқулықтардың, қаржының тапшылығын көрсету тек 1918-1929 жылдардағы басылымдарға тән болды. 1930-жылдары кеңестік идеология және тоталитарлық басқару жүйесі орын алған кездегі мерзімді басылым материалдары білім беру біржақты дәріптеу, мадақтау, жетістіктерді асыра көрсету сипатын иеленді. Сол себепті басылым беттеріндегі материалдарды деректанулық талдаудан өткізу арқылы олардың шынайылығына

көз жеткізген ұтымды. Сонда ғана тарихи шынайылыққа негізделген ағартудың өткені таразыланады. Деректердің шынайылық дәрежесін анықтауда ғылыми тарихилық, объективтілік қағидаларымен қоса, сыни талдауды қолдану олардың ақпаратын бұрмалауға жол бермейді. Сондықтан да деректердің әрқайсысын кешенді деректанулық талдаудан өткізу арқылы пайдаланған ұтымды болады.

Мақала №AP08856779 «XX ғ. 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Авксентьевский Д. (1927). Аульная школа в Казакстане // Народное просвещение. №5. С. 126-139.
- Аймауытов Ж. (1998). Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Алматы: «Атамұра» баспасы. 448 б (187 б). Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1992. 160 б.
- Алматы қаласының Мемлекеттік архиві (АҚ МА). 77-к., 1-т., 66-іс.
- Алпысбаева Н.К. (2000). Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесі қорының құжаттары – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеу деректері (1925-1933 жж.). Алматы. 161 б.
- Глинин Г. (1922). Общая характеристика начального образования в Туркестане // Наука и просвещение. №2. С. 32.
- История образования в архивных источниках (по материалам ЦГА РУз). (1917-1991 гг.). Т.2. Сборник документов. Ташкент, «Yangi Nashr», 2015. 486 с.
- Ким П.Г. (1973). Документальные источники по истории народного образования в Туркестанской АССР (1917-1924 г.г.). Дисс. к.и.н. Ташкент. 193 с.
- Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918–1932). Т.1. Алма-Ата, 1965. 239 с.
- Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917-1924 гг). Сборник документов. Т.1. Ташкент, Изд-во «Узбекистан», 1973. 571 с.
- ҚР ОМА. 81-к., 1-т.
- ҚР ОМА. 921-к., 1-т.
- Қызылорда облыстық Мемлекеттік архиві (ҚО МА). 4-к., 1-т. Қызылорда Қазақ ағарту институты.
- ҚО МА. 5-к., 1-т. ҚазАССР Ағарту халық комиссариатының Қызылорда педагогикалық техникумы.
- ҚО МА. 127-к., 1-т. ҚазАССР Ағарту халық комиссариатының Қызылорда облыстық білім беру бөлімі.
- ҚО МА. 173-к., 1-т. Сырдария губерниясының Қызылорда (Перовск, Ақмешіт) уездік-қалалық білім бөлімі.
- ҚО МА. 377-к., 1-т. М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесі.
- ҚО МА. 194-к., 1-т. Қызылорда округі атқару комитетінің білім бөлімі.
- Материалы к отчету Центрального исполнительного комитета Казакской автономной социалистической советской республики на 3 сессии ВЦИК 13-го созыва. Кызыл-Орда, 1928.
- Махат Д.А. (2007). Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 ж.ж). Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа зерттеу орталығы ЖШС. 528 б.
- Мұсағалиева А.С. (2000). Халық ағарту комиссариаты қорының құжаттары республика зиялыларының қызметі мен көзқарасы жөніндегі дерек көзі (1920-1936 жж.). Алматы. 181 б.
- Народное просвещение Каз ССР. Сборник документов и материалов (1917–1939). Алма-Ата, 1957. 237 с.
- Народное образование за время советской власти // Голос Семиречья. 1919 г. 7 ноября.
- Народное образование Каз ССР. *Сборник документов и материалов. Алматы: Изд. АН Казахской ССР, 1957. 197 с.*
- Орынбор облыстық Мемлекеттік архиві (ОрОМА). 1-к., 1-т., 188-к., 1-т.
- Орынбор мемлекеттік Әлеуметтік-саяси тарих архиві (ОМ ӘСТА). 1-к., 1-т., 371-к., 1-т.
- Оңтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік архиві (ОҚО МА). 1129-к., 11-т., 63-іс.
- Открытие киргизского пед.училища // Известия. 1922 г. 24 января.
- Попов В. О создании педагогического общества // Просвещение. 1918 г. 1 сентября.
- РФ МА. 2306-к., 1-т., 1510-іс., 6-п.
- РФ МА. 2306-к., 1-т., 1920-іс., 6-п.
- РФ МА. 2306-к., 1-т., 2624-іс., 6-8 пп.

References

- Avksent'evskij D. (1927). Aul'naya shkola v Kazakstane [Village school in Kazakhstan] // Narodnoe prosveshchenie. №5. S.126-139.
- Aimauytov Zh. (1992). Bes tom dyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in five volumes]. 4 tom. Almaty, 1998. 448 b (187 b). Zhumabaev M. Pedagogika. Almaty. 160 b.
- Almaty Kalasynyn Memlekettik arhivi (AKMA) [State Archive of Almaty]. 77-K., 1-t., 66-is.
- Alpysbaeva N.K. (2000). Kazak SSR Halyk Komissarlar Kenesi korynyn kuzhattary – Kazakstandagy aleumettik-ekonomikalık procesterdı zertteu derekteri (1925-1933 zh.zh.) [Documents of the foundation of the Council of people's commissars of the Kazakh SSR – data on the study of socio-economic processes in Kazakhstan (1925-1933.)]. Almaty. 161 b.
- Glinin G. (1922). Obshaya harakteristika nachal'nogo obrazovaniya v Turkestane [General characteristics of primary education in Turkestan] // Nauka i prosveshchenie. №2. S. 32.
- Istoriya obrazovaniya v arhivnyh istochnikah (po materialam CGA RUz) [The history of education in archival sources (based on the materials of the Central State Administration of the Republic of Uzbekistan)]. T.2. (1917-1991 gg). Sbornik dokumentov. Tashkent: «Yangi Nashr», 2015. 486 s.
- Kim P.G. Dokumental'nye istochniki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestanskoj ASSR (1917-1924 g.g.) [Documentary sources on the history of public education in the Turkestan ASSR (1917-1924)]. Diss. k.i.n. Tashkent, 1973. 193 s.
- Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Sbornik dokumentov i materialov (1918–1932) [Cultural construction in Kazakhstan. Collection of documents and materials (1918-1932)]. T.1. Alma-Ata, 1965. 239 s.
- Kul'turnoe stroitel'stvo v Turkestanskoj ASSR (1917-1924 gg) [Cultural construction in the Turkestan ASSR (1917-1924)]. Sbornik dokumentov. T.1. Tashkent, Izd-vo «Uzbekistan», 1973. 571 s.
- KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 81-k., 1-t.
- KR OMA. 921-k., 1-t.
- Kyzylorda oblystyk Memlekettik arhivi (KO MA) [Kyzylorda Regional State Archive (KRSA)]. 4-k., 1-t. Kyzylorda Kazak agartu instituty.
- KO MA. 5-K., 1-t. KazASSR Agartu halyk komissariatynyn Kyzylorda pedagogikalık tekhnikumy [Kyzylorda pedagogical Technical School of the people's Commissariat of Education of the kazassr].
- KO MA. 127-K., 1-t. KazASSR Agartu halyk komissariatynyn Kyzylorda oblystyk bilim beru bolimi [Kyzylorda Regional Department of education of the people's Commissariat of Education of the KazASSR].
- KO MA. 173-K., 1-t. Syrdariya guberniyasynyn Kyzylorda (Perovsk, Akmeshit) uездik-Kalalyk bilim bolimi [Kyzylorda (Perovsk, Akmeshit) district and City Department of education of the Syrdarya province].
- KO MA. 377-K., 1-t. M. Mametova atyndagy Kyzylorda pedagogikalık uchilishchesi [Kyzylorda Pedagogical School named after M. Mametova].
- KO MA. 194-K., 1-t. Kyzylorda okrugi atkaru komitetinin bilim bolimi [Department of education of the executive committee of Kyzylorda district].
- Materialy k otchetu Central'nogo ispolnitel'nogo komiteta Kazakskoj avtonomnoj socialisticheskoy sovetsoj respubliki na 3 sessii VCIK 13-go sozyva [Materials for the report of the Central Executive Committee of the Kazakh Autonomous Socialist Soviet Republic at the 3rd session of the Central Executive Committee of the 13th convocation]. Kzyl-Orda, 1928.
- Mahat D.A. (2007). Baspasoz: stalinshildiktin Kazakstanda ornuyuy (1925-1956 zh.zh.) [Press: establishment of Stalinism in Kazakhstan (1925-1956)]. Astana: «Ana tili – Ata tarih» baspa zertteu ortalygy ZhShS. 528 b.
- Musagalieva A.S. (2000). Halyk agartu komissariaty Korynyn Kuzhattary respublika ziyalylarynyn Kyzmeti men kozkarasy zhonindegi derek kozi (1920-1936 zh.zh.) [Documents of the foundation of the people's Commissariat of Education source on the activities and views of the intelligentsia of the Republic (1920-1936.)]. Almaty. 181 b.
- Narodnoe prosveshchenie Kaz SSR. Sbornik dokumentov i materialov (1917–1939) [National enlightenment of the Kazakh SSR. Collection of documents and materials (1917-1939)]. Alma-Ata, 1957. 237 s.
- Narodnoe obrazovanie za vremya sovetsoj vlasti [Public education during the Soviet era]. // Golos Semirech'ya. 1919 g. 7 noyabrya.
- Narodnoe obrazovanie KazSSR. Sbornik dokumentov i materialov [National education of the Kazakh SSR. Collection of documents and materials]. Almaty: Izd. AN Kazahskoj SSR, 1957. 197 s.
- Orynbob oblystyk Memlekettik arhivi [Orenburg Regional State Archive]. 1-k., 1-t., 188-k., 1-t.
- Orynbob oblysynyn sayasi-aleumettik tarihy arhivi [Orenburg State Archive of socio-political history]. 1-k., 1-t., 371-k., 1-t.
- Ontystik KazaKstan oblysynyn Memlekettik arhivi (OKO MA) [State Archive of South Kazakhstan region]. 1129-k., 11-t., 63-is.
- Otkrytie kirgizskogo ped.uchilishcha [Opening of the Kyrgyz pedagogical school] // Izvestiya. 1922 g. 24 yanvary.
- Popov V. (1918). O sozdaniy pedagogicheskogo obshchestva [About the creation of a pedagogical society]. // Prosveshchenie. 1 sentyabrya.
- RF MA. 2306-k., 1-t., 1510-is., 6-p.
- RF MA. 2306-k., 1-t., 1920-is., 6-p.
- RF MA. 2306-k., 1-t., 2624-is., 6-8 pp.